Қаздауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

БЕЙСЕНБІ,
27 ҚАЗАН, 2022 жыл №119 (23 149)

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Тізімде барсыз ба?

Саяси маңызы зор сайлауға да сәл уақыт қалды. Интернет немесе Senim109 бірыңғай диспетчерлік қызметіне жүгіну арқылы өзіңіздің сайлаушылар тізімінде бар-жоғыңызды тексере аласыз.

Сонымен қатар sailau09.kz арнайы сайты жұмыс істейді, онда әрбір пайдаланушы ЖСН немесе жеке куәлік нөмірі арқылы өз учаскесін таба алады. Сондай-ақ, барлық қала мен аудан әкімдіктерінің сайтында «Сайлаушылар тізімінде өзіңді тексер» атты қосымша бөлім қолжетімді.

Мұнымен қоса, 109 нөміріне қоңырау шала аласыз. Тек өзіңіздің ЖСН нөміріңізді айту қажет болады. Senim операторлары сайлауға қатысты жеке сұрақтарға жауап береді.

Сондай-ақ, барлық қалалар мен аудандардың әкімдіктерінде Call-орталықтар, сайлаушылар тізімінде азаматтарды тексеру үшін жедел желілер құрылды. Жергілікті атқарушы органның қызметкерлері өтініштерді қабылдап, мәселелерді жедел шешетін болады. Call-орталықтар мен жедел желі нөмірлері әкімдіктердің сайттарында жарияланған.

Алдын ала мәліметтер бойынша, облыста 761 мыңға жуық сайлаушы тіркелген, олардың 13 мыңы алғаш рет дауыс бергелі отыр.

Өз тілшімізден

25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Қасиетке тұнған кеш

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында салтанатты кеш өтті. Туы тігілді. Әнұран шырқалды. Тәуелсіздіктің тәжіндей Республика күніне орайластырылған ресми шарада сөз алған облыс әкімі Жеңіс Қасымбек кенді өңіріміздің тұрғындарын құттықтап, ақ тілегін білдірді. Арқаның ардақты ерлері мен ханымдарын салтанатты түрде марапаттады.

Қазақстан халқы 13 жылдан кейін Ұлт мерекесі болып қайта жаңғырған Республика күнін тойлау үстінде. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №307-XII Қаулысымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. Құзыретті құжатта Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Егемендігі жарияланып, Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері әйгіленді.

Қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға түзетулер енгізіп, 25 қазан – Ұлттық мерекеге, ал Тәуелсіздік күні, яғни, 16 желтоқсан – мемлекеттік мерекеге айналды...

Тәй-тәй басқан тәуелсіз жұрттың тұсауын кескен әз-Тәукенің мизамындай, талайлы тарихымыздың алғышартындай құжаттың шынымен тарихи рөлі орасан. «Бүгін біз мерекелік күнтізбемізде Республика күнінің қайта жанданғанына куәгер болып отырмыз. Ал, бұл мереке қазақстандықтардың алтын бастауын, сабақтастығын, тарихи тұрғыда халқымыздың мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы ерік-жігерін құрметтеуінің нышаны болғанын білдіреді», – деп атап өтті облыс әкімі Жеңіс Махмұдұлы.

Облыс басшысы кейінгі үш жылдың мұғдарында жеткен жетістік жайында баяндады. Осы кезеңде облысымыздың жалпы ішкі өнімі 5,4-тен 7,4 трлн. теңгеге дейін ұлғайған. Осы кезеңде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,7 есе, ауыл шаруашылығы 1,5 есе өскен. Бұ кезеңде тұрғын үйдің жалпы ауданы 1 614 мың шаршы метрді құрады. 12 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылды. Әлбетте, мұны өркен жайған өндірісті өңірдің әр еңбек адамының маңдай терінің өтеуі; ардақ тұтар ардагерлер ақылының татымы; дербестіктің бастабындағы байсал жандардың басалқысы; кеншілер қайласының қайырымы; дәрігерінің дәруі; жібектей есілген мәдениет майталмандары мен мұғалімінің тәлім нұры; сарыжайлау Сарыарқамыздың сандаған этнос өкілдерінің тілеуқорлығы; естуші мемлекет естиярларының есіл еңбегі; жастарының жалыны деп топшылаған абзал. Өткенге салауат, келешекке нық сенім!

Салтанаты мен салты келіскен шара жалғасында емен-жарқын елдің еркелері мен серкелерінің кеудесіне Мемлекет басшының қаулысымен орден-медаль бұйырды. Жіпке тізіп көрелік.

Мемлекеттік және қоғамдық қызметке сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін «Парасат» орденімен «Фитохимия халықаралық ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ бас директоры Серғазы Әдекенов, «Шахтер футбол клубы» АҚ атқарушы директорының орынбасары Нұрғазы Жарылғапов, «Тритон 2003» құрылыс компаниясының президенті Айбек Жұмабеков марапатталды.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін «Шұбаркөл көмір» АҚ жүргізушісі Жәнібек Жылқыбаев иеленді.

2-бетте

● ЖӘРМЕҢКЕ – 2022

Елорда ауыз тиген елдің дәмі

Демалыс күндері дала дастарханы Астанаға жетті. «Астана-Арена» стадионы жанындағы алаңда өткен жәрмеңкеде қанаттас Қарағанды мен Ұлытау облыстарының фермерлері өнімдерін сөреге қойды. Арзан бағадағы табиғи, таза өнімге ала дорбасын толтырған елордалық ағайын дән риза. Қарағандылық шаруалар да бар өнімін саудалап үлгергендеріне бек қуанышты.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәл қазір қаладағы ағайын қысқа қамданатын уақыт. Соғымды да, күздікті де жәрмеңкеден таңдап жүріп алуға дағдыланған. Әсіресе, Арқа даласында жайылған малдың етін ерекше күтеді екен елордалықтар. Осыны білген біздің шаруалар 138 тонна ет жеткізіпті. Жылқы етінің келісін – 2500 теңгеден саудаласа, сиыр мен қой етін 2300 теңгеге өткізіпті. Ал, жәрмеңкеге апарған ауыл шаруашылық өнімінің жалпы көлемі 700 тоннаға жуықтайды.

Астықты өлке Осакаров, Нұра алқаптарынан 430 тонна картоп, 95 тонна көкөніс жеткізілген. 13 тонна сүт өнімі, 5,5 тонна балық, 200 мың жұмыртқа және 16 тонна өзге де өнім сөреге қойылып, саудаланған. Бағалары да нарықтағыдан 10-20 пайызға арзан. «Қалтаға қолайлы», дейді тұтынушылар. Қолдың сары майының бағасы 3700 теңгеден сатылыпты. Ал, негізгі бағасы 5000 теңгеңізден кем емес. Картоп пен сәбіз – 120, пияз бен қырыққабаттың құны – 100 теңге. Қол қаймақтың келісі – 1500 теңге болса, Қарқаралы, Шеттің қымызы 1200 теңгеден өтіпті.

Иә, Қарағанды дәмі астаналық ағайынның дастарханынан үзілген емес. Жылда дәстүрге айналған жәрмеңкедегі тауардан бөлек, «Нәтиже», «Ren milk», «Евразиан фудс», «Апрель – Кулагер», «Дедов» сынды компаниялардың өніміне сұраныс жоғары. Мұнымен қоса, елордаға іргелес ел болғандықтан, көкөністеріміз де, ет өніміміз де, қымыз-құртымыз да үнемі базар сөресінде тұрады.

Кенді өлкенің астық толы керуенінен біраз жұрт қысқа азық жинап алды. Қазір бағаңыз күн санап өсіп тұрған шақта, осындай жәрмеңкелер өте тиімді болып тұр. Делдалға ұрынбау үшін фермерге де, халыққа да қолайлы.

Облыстық ауыл шаруашылық басқармасы өнімдердің барлығы өткенін жеткізді. Енді, Алматыдағы жәрмеңкеге ат басын бұру үшін қам жасап жатыр. 29-30 қазан күндері қарағандылық жәрмеңке керуені оңтүстікке барып, арқа дәмін ұсынады.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Екі дүркін әлем чемпионы

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық Никита Ермаков пара-армрестлингтен әлем чемпионатында екінші мәрте жеңіске жетіп, жерлестерінің мерейін үстем етті.

Түркия төрінде өткен чемпионатқа 54 елден 2500-ден аса спортшы қатысты. Жерлесіміз 55 келіде күш сайыстырды. Никита оң қолымен күресте бірінші, сол қолымен күресте екінші орын алды.

– Әлем чемпионатына, әрине, ең мықты спортшылар келді. Армения, Германия, Үндістан, Қырғызстан және Украинаның мықты спортшыларымен қол күрестірдім. Жеңіске жетіп, елімнің туы көкке көтерілгені үшін қуаныштымын. Республика күні қарсаңында елім үшін үлкен сый болды деп ойлаймын, – дейді чемпион.

Спортшыны Руслан Түспеков жаттықтырады. Бұған дейінгі дәл осы бәсекеде де алтынды Никита алқалаған еді. Ол кездегі әлем біріншілігі Бухарестте өткен еді.

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5834,60	5900,80
		12 ай	11669,20	11801,60
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай	3086,60	3092,80
		12 ай	6173,20	6185,60

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер
(бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10229,20	10433,60
Жеке жазылушылар үшін	3492	5549,20	5669,60

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы:

Назар аударыңыз!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Қасиетке тұнған кеш

«Қарағанды облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және күрес жөніндегі орталық» КМК директоры Бейбіт Сағымбаев, «Нұрлы білім» дистрективті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек орталығы» ҚБ төрағасының орынбасары Рүстем Сыздықов еге болды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің көркемдік жетекшісі Дәуренбек Әркенов еншіледі.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құрмет грамотасымен Н.Гоголь Ермағамбетов марапатталды.

Ерекше еңбегі және Қарағанды облысы мен Қазақстан Республикасының дамуына қосқан жеке үлесі үшін «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағын біліктілігі жоғары хирург, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қани Мұсылманбеков, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова, «Олимпийский резерв» жеке спорт мектебінің директоры, Қазақстан Республикасы ұлттық олимпиадалық комитетінің құрметті мүшесі Анатолий Степаненко марапатталды. Ұзын ырғасы облыстың әр түкпірінен 34 адам түрлі деңгейдегі марапатқа ие болып, еңбегі еленді.

Күмбір-күмбір күйімен, әуелеген әнімен, мың бұралған биімен үйлескен шалқар шара ондағы жандардың жұмыр жүректеріне толассыз мейір, рух дарытты. Керегедей керілген кенді өңірдің кермиық кеші ендігі тарихта осынысымен есте қалмақ.

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Сарыарқа ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі» АҚ басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалымжан Жұмасұлтанов, «Қарағанды турбо-механикалық зауыты» ЖШС слесарі Юрий Ивакин, жеке кәсіпкер Жұмабике Кәрібаева, еңбек ардагері Мағрипа Кәрібекова, «Рябина» қоғамдық қауымдастығының төрағасы Владимир Кошевец, «Қарағанды энергоцентр» ЖШС слесарі Владимир Люфт, «Қазақтелеком» АҚ өңірлік басқармасының директоры Игорь Лялин, «Граждане Казахстана» ҚБ директоры Дмитрий Полтаренко, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ электрослесарі Бөлекбай Сағандықов, еңбек ардагері Әділхан Смағұлұлы, «Берік» шаруа қожалығының басшысы Мұрат Қарикенов, «Балқаш қаласының мемлекеттік активтер және сатып алулар бөлімі» ММ басшысы Гүлнара Өтембекова, «Қарағанды индустриялық университеті» КЕАҚ профессоры Анатолий Филатов, Теміртау қалалық сайлау алқасының төрайымы Наталья Шевченко наградталды.

«Шапағат» медаліне Ақтоғай аудандық орталық ауруханасының кардиолог-дәрігері Жанар Әбдіғұлова, еңбек ардагерлері Надежда Алексеева, Әшімжан Жанасбаев, атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының басшысы Дина Аманжолова, Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Қанат Ахмадиев, «Космонавт қонақ үйі» ЖШС директоры Дмитрий Баландин, «Арыстан» спорт клубының жаттықтырушысы Берікбол

Суреттерді түсірген
Р.ҚАЛИ

● САЙЛАУ-2022

Қоғам өзгеріс күтеді

Саяси науқанда азаматтар өздерінің азаматтық белсенділіктерін көрсетсе екен деп ойлаймын. Әсіресе, ел келешегі – жастар бұл үрдістен тыс қалмаса екен. Жарқын болашақтан үміттенетін кез келген адамның сайлауға барып, таңдауын жасауы – маңызды.

Қоғамның өзгеріп, Жаңа Қазақстанның қалыптасқанын қалайтын әр тұлға әуелі өзгерісті өзінен бастаса. «Мен не қалаймын? Не күтемін? Ол үшін қандай еңбек жасауым керек?» деген сұрақтарға жауап іздеуі қажет. Жаман қасиет – масылдықтан арылу керек. Өз жүрген ортамызға, отбасымыз бен жұмыс орнына қалай үлес қосамыз деген ой төңірегінде әңгіме өрбіткен жөн. Осы сайлаудан үлкен үмітім бар. Ең әуелі Ата Заңды өзгерттік, енді Конституциялық заңды өзгерту қажет. Қазір қоғамымыз, тұтас халық өзгерісті күтіп отыр.

Сайлау – үлкен жауапкершілік. Шетелдік бақылаушыларға біздің сана-сезіміміз жоғары екенін, жетістігіміз – бірлік, ұлттық құндылығымыз – тәуелсіздік, басты байлығымыз – адам екенін көрсетсек деймін.

Азаматтық қоғамды алаңдататын не мәселе бар? Қазір өзге ұлттарға қарағанда қазақтар несиеге белшесінен батып жүр. Сосын тағы бір алаңдататын мәселе – масылдық. Өзбекстан, Қырғызстаннан келген адамдар жұмыс таба алады да, ал, өзіміздің азаматтар жұмыс жоқ деп жүреді. Негізі пандемия бірқатар мәселелерді көрсетті. Жоғарыда айтқан құрылыс, жөндеу жұмыстарында, аграрлық секторда да мәселелер жеткілікті. Өзге елден келген азаматтардың көмегінсіз көкөністі де жинай алмайды екенбіз. Халық денсаулығы, әсіресе, жастардың денсаулығы қазір нашар. Ол экологияға, тұтынған тамақ пен сусындарға, киген киімімізге байланысты. Қазір әскерге шақырылған жастардың көбісі жарамсыз болып жатады. Отау құрғандар бала көтере алмай, ажырасып кетіп жатыр. Былай қараса, мұның барлығы өзімізге байланысты мәселелер. Оны Президент келіп шешіп береді дейтін емес. Сондықтан, жауапкершілік сезініп, сайлауда белсенді болайық дегім келеді.

Құдайберген БЕКСҰЛТАНОВ,
Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Тұрғанда ту тілдесіп биіктермен...»

Елорда төрінде Президенттің қатысуымен Мемлекеттік туды көтеру және Әнұранды орындау салтанатты рәсімінен соң айтулы шара Қарағандыдағы «Достық үйінің» алаңында жалғасты. Шараға облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, қоғам қайраткерлері, облыстағы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері және қала тұрғындары мен оқушылар қатысты.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Астана қаласында сағат 11.00-де Президенттің қатысуымен Мемлекеттік ту салтанатты түрде көтерілді. Облыстың аудан, қалаларында да Ұлттық мереке – Республика күніне орай осындай мерекелік шаралар өткізілуде. Осы мақсатта Достық үйінің алаңына жиналып отырмыз. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын, – деді құттықтау сөзінде Ербол Шымкентбайұлы.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, Елордадағы Мемлекеттік туды көтеру шарасына үн қатып, оны жер-жерде де өткізуді ұсынған қарағандылықтар. Осыған байланысты, ішкі саясат басқармасының қолдауымен облыс орталығындағы шараны «Достық үйінің» алаңында өткізуге шешім қабылданған.

– Сағат 11.00-12.00 аралығында облыс көлемінде Ұлттық мерекеге орай Мемлекеттік ту көтеріліп, Әнұран ойналуда. Салтанатты шараға жиналған тұрғындардың көңіл күйлері көтеріңкі. Республика күні әрқайсымыз үшін маңызды екенін осыдан ақ көруге болады. Мемлекетіміз дами берсін, әр отбасына бақыт тілеймін, – деді Нұрлан Бикенов.

25 қазанды «Достық үйінің» алаңында атап өту жайдан-жай қабылданған шешім емес. Мақсат – достықтың жаршысындай болған, облысымыздағы этномәдени бірлестіктері шоғырланған ордаға жиналып, Президенттің құттықтауын қабыл алып, әрі қарай жалғастыру.

– «Достық үйі» облыс орталығындағы халық көп шоғырланған Оңтүстік-Шығыс бөлігінде орналасқан. Әрі демалыс күндері қарағандылықтар осы жерге келіп серуендейді. Бейбітшілікті, тұрақтылықты қолдаған халық бүгін осы жерге Республика күнін атап өтуге келді. Ішкі саясат басқармасының қолдауымен этномәдени бірлестіктермен, қала тұрғындарымен осы жерге жиналдық» – дейді облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесі директорының міндетін уақытша атқарушы Думан Малаев.

Шараға жиналған қарағандылықтардың да көңіл күйлері ерекше көтеріңкі. Бір-бірін құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп жатты.

– 25 қазан – Республика күніне орай «Достық үйінің» алаңында Мемлекеттік туды көтеру салтанатты шарасына жиналдық. Ішкі толқынысымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Барлық қазақстандықтарды, қарағандылықтарды мерекемен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Көк байрағымыз желбірей берсін! – деді шараға арнайы келген «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей интернатының мұғалімі Әсемгүл Өтемісова.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Тұтынушы құқығы басты назарда

Облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне кейінгі кезде халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан, зейнеткерлерден, жалғызбасты аналар мен мүгедектерден сапасыз тауар, чек бермеуге қатысты шағымдар жиі түсетін болған. Бұл әсіресе пандемия кезінде дами түскен электрондық саудаға қатысты. Тұтынушылар онлайн сатып алған тауарларға байланысты мемлекеттік органдарға жүгінуге мәжбүр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Әлия Кулагинаның қатысуымен өткен баспасөз мәслихатында белгілі болды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, департаментке жыл басынан 2337 өтініш келіп түссе, оның ішінде ЭҚАБЖ және Е-өтініш бойынша – 432, жедел желі арқылы – 886, басшының азаматтарды қабылдауы кезінде – 355, мамандардың азаматтарды қабылдауында – 525, Telegram бот арқылы – 139 өтініш келіп түскен.

– Департамент 9 айдың аралығында келіп түскен өтініштерді қарастырып, бірқатары қанағаттандырылды. Нәтижесінде, өтініштерде көрсетілген 63 223 041 теңгеден 53 574 818 теңге тұтынушыларға қайтарылды, – дейді Әлия Кулагина.

Сондай-ақ, департамент басшысы тұтынушылар шағымдарының көпшілігі тұрмыстық қызметтер, косметикалық қызметтер, жиһаз және пластикалық терезелер жасау, автокөлік, аяқ киімді, киімді тігу және жөндеу, техникалық тұрмыстық машиналар мен аспаптарды, теле-, видео және радиоаппаратураларды жөндеу бойынша келіп түсетінін айтады. Одан бөлек, ұялы байланыс қызметтерін ұсынушылар тарапынан абоненттік байланыс қызметінің сапасыздығы өз алдына, негізсіз ақша алу да кездеседі. Бұған аталған салада бәсекелестіктің жоқтығы да себеп. «Жаңадан салынған кешендерінде интернет пен теледидар қосу кезінде операторды таңдау мүмкіндігі бола бермейді», – дейді Әлия Қажыкенқызы.

Одан бөлек, департамент басшысы проблемалық салалардың бірі – электрондық және бөлшек сауда екенін айтады. Яғни, тұтынушылар өздері қалаған тауарды немесе қызметті ала алмағандықтан, шағымданады. Бұл көп жағдайда сатушының немесе қызмет көрсетушінің тауарды немесе қызметті ұсынуда жұмысына үстірт қарауынан болады. Ал, тұтынушы көрсетілетін қызмет немесе тауар туралы нақты түсінікке ие емес.

Департамент басшысы Әлия Кулагина кез келген затқа онлайн тапсырыс бергенде оның мекенжайының, өңірдегі өкілінің болуына мән беру керектігін айтады. Бұл – тұтынушының қарапайым құқығы. Мысалы, кейінгі кезде Wildberries интернет-дүкеніне шағым Қарағанды емес, Қазақстан бойынша көбейіп кеткен.

Сондай-ақ, департамент қызметкерлері басқа да түсіндіру жұмыстарын жүргізетінін айту керек. Мәселен, сауда үйлерінде, дүкендерде акциялар өткізіп, сатушылар мен тұтынушыларға олардың негізгі құқықтарын, міндеттерін, заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіреді.

Құттықтаймыз!

Киелі Қарқаралы тумасы, шипагер дәрігер, ардақты да аяулы анамыз **Қарлығаш Аманбайқызы МЕДЕУБАЕВА** 29 қазанда 80 жасқа толып отыр. Адам жанының арашашысы болған анамыз қаншама сәбилердің дүниеге аман-есен келуіне себепкер болып, қиналған аналардың қасынан табылып, көмегін аямаған. 40 жылғы еңбегі лайықты бағаланып, анамыз «КСРО денсаулық сақтау үздігі» – төсбелгісімен және «Еңбек ардагері» медалімен, «Лениннің туғанына – 100 жыл» медалімен, және Денсаулық сақтау департаментінің марапаттау қағаздарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

Ең бастысы, еліне елеулі, халқының сый-құрметіне бөленген жан анамыз төрт бала тәрбиелеп өсіріп, он екі немере, үш шөбере сүйіп отырған жан.

Сізді туған күніңізбен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілеп, әкеміз екеуіңіз ұзақ жасап, ортамызда саялы бәйтерек болып жүре берулеріңізге тілектеспіз.

Ана!!!!
Сен деген
Ең ұлы адамсың.
Жеңбеген
Ешбір мұң, тәмам сын.
Мұң түгіл, қайғы да еңбеген,
Тек бақыт лайық қамалсың.
Сен деген
Ең көркем әйелсің жердегі.
Тең бе еді?
Қылығың – жұлдыздың ермегі.
Ғажайып ән-күйдің өзі де,
Жетпейді күлкіге сендегі.
Сен деген
Мейірім бағысың.
Зерделе,
Ақылды айтпасам тағы сын.
Сабырды сап-сары сақтайсың,
Жүректің жайлатып қағысын.
Сен деген,
Өмірдің мәнісің,
Тербеген
Көңілдің шәлісін.
Періште кейпіңде күлесің,
Перзенттің пайымдап әр ісін.
Ана!
Сен деген ең ұлы Адамсың!!!

Балалары, немерелері, шөберелері.

№695

Құттықтаймыз!

«Қарлығаштай қанатымен су сепкен»

Қарқаралының тумасы **Қарлығаш МЕДЕУБАЕВАНЫ** 2022 жылдың 29 қазанында келген асқаралы 80 жас мерейтойымен құттықтаймыз.

Аяулы қызымыз 1942 жылы 29 қазанда Қарқаралы ауданы Нұркен (бұрынғы Жарлы) кеншарында дүниеге келген.

1960 жылы №1 қазақ орта мектебінде оқып, сынып сайын оқу озаты болып бітірген. Бір жыл қызмет істеп, ЖОО-ға түседі.

1961-1967 жылы Қарағанды медицина институтының емдеу бөлімін бітіреді. Осы жылы тұрмысқа шығып, Қарқаралы ауданы Бақты ауылының жергілікті ауруханасына жолдамамен жұмысқа орналасады.

1974-2001 жылы акушер-гинеколог болып, зейнеткерлікке шыққанға дейін еңбек етіп, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, білімін жетілдіре отырып, бірінші санатты дәрігер болады.

Осынша жылын адам жанын емдеумен өткізген Қарлығаштың еңбегі де елеусіз қалмады.

Марапаттары:

*1970 жылы «Лениннің жүз жылдығы» медалімен марапатталады.

*Селолық совет депутаттығына сайланған.

*1980 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау үздігі»(№29311) белгісімен марапатталады.

*1990 жылы «Еңбек ардагері» (№3-19) медалімен марапатталған.

*2012 жылы ақпан айында «Қазақстан әйелдері» журналының энциклопедиясына енеді.

*2013 жылы «Отбасы – мемлекет тірегі» атты облыстық фестивальде дипломмен марапатталып, бағалы жүлде алды.

*Қарқаралыда «Қайран жастық» үйірмесіне қатысқан, Қарағандыда Кеншілер мәдениет сарайындағы «Көзкөргендер» ардагерлер хоры ансамблінің белді мүшелерінің бірі.

*2018 жылы Алматыда өткен «Өнерлі елдің өресі биік» атты сайыста лауреат болды.

Осындай ер тұлғалы әйел бейнесі тек қазақ әйелінің, тек қазақ анасының бойындағы қасиет. Дана халқымыз «Қарлығаштай қанатымен су сепкен», – деген сөзді осындай кісіге айтса керек-ті. Өмірлік серігі Ғазизбен бүгінде 4 баладан 12 немере және шөбере тәрбиелеп отыр. Біз оның жанашырлары һәм жақындары Қарлығашқа мықты денсаулық, қуанышты ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз.

Құттықтаушылар: апасы – **Қалияш**, сіңлілері – **Күлзейнеп, Толқын, Айдана.**

№703

ХАБАРЛАНДЫРУ
(жария талқылау)

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС **2022 жылғы 7 қарашадан** бастап «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен **1.** «Қарағайлы БФ-ның тұрмыстық ағынды суларын бұру үшін күресіндер салу», **2.** «Қарағайлы БФ Бас корпусына (түг. №ОС-11-000101024) күрделі жөндеу жүргізу» жобасы бойынша жария талқылау өткізетіндігін хабарлайды.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС

Өкілі: А.А. Усманова, байланыстар: тел. 8(7212) 95-71-35

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты.

Өкілі: А.Б. Сулейменова, байланыстар: 8(777) 672-32-36, эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары ecoportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде https://idp.ecoportal.kz. сілтемесі бойынша қолжетімді болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
(публичные обсуждения)

ТОО «Корпорация Казахмыс» сообщает, что проводит публичные обсуждения по проектам **1.** «Строительство выгребов для отвода бытовых сточных вод Карагайлинской ОФ», **2.** «Капитальный ремонт здания Главного корпуса Карагайлинской ОФ (инв. №ОС-11-000101024)» с разделом «Охрана окружающей среды» с **7 ноября 2022 года.**

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Усманова А. А., контакты: тел. 8(7212) 95-71-35.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Сулейменова А.Б., контакты 8(777) 672-32-36, эл. адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 10 рабочих дней по ссылке https://idp.ecoportal.kz.

№250

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тумасы Қарағанды шаһарының тұрғыны, досымыз, **Қарлығаш Аманбайқызы МЕДЕУБАЕВАНЫ** 80 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

1960 жылы Қарқаралы қаласының №1 қазақ орта мектебін өте жақсы бітірген. Өзі мектепте қорқақ болса да медицина саласын таңдап Қарағанды медицина институтын бітіріп, акушер-гинеколог мамандығын алды. Өмірлік жары Ғабдул-Ғазиз екеуі отау құрып, еңбек жолын ауыл емханасында бастап, күндіз-түні еңбек еткен жандар.

Қарқаралы аймағының өміргe сәби әкелетін аналардың Қарлығаш қорғаушысы, қолдаушысы, пірі болды десек артық емес.

Бақытты жанұя, төрт бала тәрбиелеп, барлығы жоғары білімді, бір-бір отау болып отыр. Бүгінде солардан тараған немере, шөберелердің ардақты ата-әжесі атанды. Жасынан өнерді сүйген жандар кезінде «Салтанат», кейіннен ардагерлердің «Қайран жастық», «Көзкөргендер» ансамблінің белді мүшелері болды. Кезінде Қарқаралының әнімен-сәнімен «Қыз Жібегі, Төлегені» аталған жандар.

Қарлығаш, сен бақытты анасың, саған тек денсаулық, қуанышты ғұмыр тілейміз.

Анаңның жасына жет.

Сені жақсы сыйлайтын, ерекше құрмет тұтып, тіпті, «апалап» жүретін достарың бүгінде жоқ.

Қалған біздердің тілегіміз қабыл болсын!

Еліктің сүйкімді едің лағындай,
Бұлақтың көркем едің құрағындай.
Жоғалтпай сексенде де сыр сымбатты,
Шырқай бер әсем әнді «Қыз қарағай».
Адал досың айнымас,
Уақытқа бой алдырмас,
Қартаймайтын Қарлығаш!

Құттықтаушылар: **Рахима, Құралай, Қарлығаш, Ира.**

№691

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Еске алу

Қарқаралы ауданы, Қасым ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, әулеттің шырақшысы, отбасының ұйытқысы болған **Люля БЕЙСЕНҚЫЗЫНЫҢ** фәниден бақиға мәңгілікке сапар шеккеніне 40 күннің жүзі болды.

Ақылшымыздан айырылып, қайғы жамылғалы жанымыз жабырқаулы. Жанарымызға еріксіз жас үйіріледі. Төрдегі ойсыраған орнына қарап қамығамыз. Үшқыр уақыт өз жүрісінен жаңылмаса да жақсымызды жадымыздан алыстата алған жоқ. Ардақтымыздың жарқын бейнесі әркез бізбен бірге жасай берері кәміл. Ұл-қызды өсіріп, ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырған асыл анамыздың маздатқан оты ешқашан өшпек емес. Жақын мен жатқа бірдей, көңілі кең, пейілі таза жанның тірліктегі амалдарын көзкөрген жандар ұмытпайды.

Білем, ешкім мәңгі тұрмайды,
Жүрегімді өртеп барады бұл қайғы.
Қаншама сөз естісем де жұбатқан,
«Балам» деген бір сөзіңе тұрмайды.
Төбемізде күлімдемей бұл ақ таң,
Пендеміз ғой, кетер бәрі тұрақтан.
Ана, сенің рухыңа дұға қыламыз,
Мәңгі жайың болса екен деп жұмақтан.
Ұл-қызың барда сөнбейді ана тұрағың,
Тек өзің ең, айнымас менің тұмарым.
Жаратқан енді жәннаттық етсін жаныңды,
Пейіштен болсын мәңгілік мекен тұрағың.

Сағына еске алушылар: **балалары, немере-жиендері**.

Аяулы анамыздың өмірден өткеніне 40 күн толуына орай ас Қарағанды қаласы «Баракят» мейрамханасында 6 қарашада, сағат 18:00-де, Қасым ауылында 11 қарашада, сағат 13:00-де беріледі.

№702

● РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Тарихтан тағылым

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Егемендік тарихында Республика күнінің мәні зор. Ұлық мереке елімізде салтанатты түрде аталды. Айтулы күнге орай Н.Гоголь атындағы кітапхананың ұйымдастыруымен «Қазақстан – тағдырым менің» атты тарихи вираж өтті.

Тарихи виражға тарих ғылымдарының кандидаты, ҚарУ ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор Әлімжан Телғарин, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Зәуреш Сақтағанова, «Серпін» оқу орталығының басшысы Шолпан Жетпісбай, Қазақстан халқы Ассамблеясы және заманауи-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Әбілқас Сағынов атындағы карта философия магистрі Руфина Шәріпова, Әбілқас Сағынов атындағы патриоттық тәрбие ғылыми-зерттеу институтының жетекшісі Ботакөз Бушманова, әдіскері Сара Мұхамбеталина қатысты.

Тағылымды шарада тарихшылар Декларацияны қабылдаудың тарихи алғышарттарына қатысты баяндамалар жасады. Ә.Телғарин «Қазақстан Республикасын егемендендіру процесінің саяси және тарихи негіздері» тақырыбын қозғап, биыл 50 жылдық мерейтойын атап отырған Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың құрылу тарихына кеңінен тоқталды. «Қазақстанда мемлекеттілік қалыптасуының негізгі кезеңдері туралы» презентациясында З.Сақтағанова тарихқа экскурсия жасап, мазмұнды мағлұмат берді.

Қарағанды техникалық университетінде 30 жылдан астам қызмет атқарып, университеттің дамуы мен өркендеуіне үлес қосқандардың бірі – Ш.Жетпісбай ҚарТУ тарихына тоқталып, егемен елдің дамуына ерен еңбек сіңіріп жүрген оқу орнының түлектерін мақтанышпен таныстырды. Виражға қатысушы өзге делегаттар өздері қызмет ететін оқу орындарының жетістіктеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Қарағанды Экономикалық колледжінің 2-курс студенті Алексей Глуздин де ел ертеңі жастардың қолында екенін, жалынды жастардың елдің дамуына зор қарқынмен үлес қосатынын жеткізіп, «Болашақ бізге байланысты» атты баяндама жасады.

Студенттер қауымы әдемі ән шырқап, өлең оқыды. «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.

● СПАРТАКИАДА

Оқулықты допқа алмастырды

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

25 қазан
РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Спорт – денсаулық кепілі, бейбітшіліктің елшісі. 20 қазанда бастау алған мұғалімдер арасындағы спартакиада осы екі ауыз сөзді ұран етті. Жарысқа 300-ден аса адам қатысып, спорттың 3 түрі волейбол, шағын футбол, үстел теннисінен бағын сынамақ.



Облыс көлемінде ұзын ырғасы 18 000-нан астам мұғалім қызмет атқаруда. Спартакиаданың аудандық, қалалық кезеңдеріне 2000-ға жуық жан қатысқан. Облыстық спорт шарасында жеңімпаз атанған команда Тараз шаһарында өтетін республикалық кезеңде өңір намысын қорғайды.

Бұқаралық сипат алған бұл шара бірнеше жылдан бері педагогтер қауымдастығы арасында игі дәстүрге айналды. Екі күндік спорт мерекесіне өңірдің Қарағанды, Теміртау, Шахтинск қалалары, Бұқар жырау, Қарқаралы, Осакаров, Шет, Абай аудандары, арнайы мамандандырылған лицейлер мен интернаттардың, зияткерлік мектептер топтары атынан табан тіреген саламатты өмір салтын ұстанатын мұғалімдер жиналған.

Облыстық білім басқармасы жанындағы «Сарыарқа дарыны» ғылыми-практикалық орталығының басшысы Айдос Қуанышбаев: «Әр ұстаз тәні мен жанын шынықтыру арқылы өзінің шәкірттері мен айналасына үлгі болады. Байқасаңыз, әр қатысушы құды бір олимпиадаға қатысатын ақтан кер спортшыдай сақадай сай дайындалып келген. Республика күніне орайластырылған бұл шараның мән-мазмұны ерек», – деп атап өтті.

● ҚАЛА СӘУЛЕТІ

Әлиханның муралы – Майқұдықта

Тарихи-мәдени сананы қалыптастыруда қаладағы көпқабатты үйлердің қабырғасына мурал салу дәстүрге айналып келеді. Республика күні мерекесі қарсаңында Әлихан Бөкейхан ауданының орталығы Майқұдықта «Алаш» партиясының негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның муралы салынды. Оны Карл Маркс көшесіндегі 9 қабатты үйдің қасбетінен көруге болады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Қарағандыда бес мурал салынды. Бұл – ұлт көсемінің атымен аталатын ауданда салынған екінші мурал. Бұған дейін «Сәукелелі қыз» салынып, аудан тұрғындарын қуанышқа бөлеген еді.

Ол облыс орталығынан кіріп келе жатқанда негізгі магистральдан бірден көзге түседі.

Көркем бейнені бояп, сәндеп жасауға 10 күн уақыт жұмсалыпты. Оның жасалу сәті де қала тұрғындарының назарында болды. Белсенді жастар бір-бірінен сүйінші сұрап, ақпараттық демеу де көрсетіп жатты. Бұл – Қарағандыдағы суретпен қоса мәтін жазылған алғашқы мурал. Онда: «Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – этнограф, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының жетекшісі» деп жазылған.

Ал, эскиздің авторы – қалалық урбанистика орталығының аға сәулетшісі Алексей Волошин. Идеяны AirG командасының суретшілері жүзеге асырды. Жұмыста жоғары сапалы бояулар қолданылған. Мамандар муралдың бояуы кем дегенде 10 жылға дейін кетпеуі тиіс екенін айтады.

– Аталған өнер нысаны қалалық урбанистика орталығының бастамасымен, қалалық әкімдіктің қолдауымен жүзеге асырылған. Композицияны жасау барысында Алексей, Әлихан Бөкейханның қазақ халқының тарихындағы маңызды тұлға екенін көрсеткісі келді. Әлихан Бөкейханның кеудесінде оның мемлекет алдындағы еңбегін бағалаудың белгісі ретіндегі, шаңырақ бейнесіндегі орден тұр. Бастамаға қолдау білдірген облыс әкімдігіне, қалалық әкімдікке, Әлихан Бөкейхан ауданы әкімдігіне, облысының төтенше жағдайлар департаментіне және іске асыруға көмектескен AirG-ге алғыс білдіреміз, – деп атап өтті қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұржан Ілияшев.

Әлихан Бөкейханға арналған мурал Тәуелсіз, гүлденген Қазақстанның даму идеясын аңғартатын символ бола отырып, Майқұдық тұрғындары үшін айрықша орынға айналды. Мұнда келіп, оны тамашалап, суретке түсушілердің саны күн санап артып келеді.



Шындығында жас ұрпақ біліп, құрметтеуі тиіс тұлғалар мен ұлттың болмысы мен салт-дәстүрінен, тарихынан хабар беретін муралдарды көрнекі етіп, көрінетін жерлерге салу – өте құптарлық іс. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасады деп сенеміз.

● МАРАФОН

ARMANǴA JOL-2022: жүйріктер жарысқан күн

Республика күні қарсаңында Қарағандыда 3000-нан астам спортшы қатысқан марафон өтті. Елдің түпкір-түпкірінен келген спортшыларды қоспағанның өзінде Ресей, Қырғызстан мен Өзбекстан елінен арнайы әуесқой спортшылар келген. Жарысқа қатысушылардың ең үлкенінің жасы 80-нен асса, кішісі – 8 жаста. Марафонның ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов қатысып, жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа қатысушыларға ауа райының күрт суытқаны кедергі болмады. Алдын ала Тәуелсіздік алаңында дене шынықтыру жаттығуларын өткізіп, дайындықты бастап кетті. Бұл күні Қарағандының Бұқар жырау даңғылының бір бөлігі (Н.Әбдіров даңғылының қиылысынан Абай көшесінің қиылысына дейін), Абай көшесі (Бұқар жырау даңғылының қиылысынан Терешкова көшесінің қиылысына дейін), Мұстафин көшесі Н.Әбдіров даңғылының қиылысына дейін, Н.Әбдіров даңғылы бойындағы біржақты жол және Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының бір бөлігі (Бұқар жырау даңғылынан Ерубаев көшесінің қиылысына дейін), Ерубаев көшесі (Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының қиылысынан Әлиханов көшесінің қиылысына дейін) жабылды. Ашылу салтанатында Ербол Шымкентбайұлы:

– Марафонға қазақстандық спортшылардан бөлек, сырт елден келіп қатысып жатыр. Тәртіп бойынша, сырттан келген қатысушылар 21 шақырым қашықтыққа жүгіреді. Бұл қашықтықта жүгіруге тіркелгендердің саны – 163. Бұрын-соңды 21 шақырымды марафонға тек 60-тан астам қатысушы ғана тіркелетін. Биыл қатысушылардың саны артқанын көріп қуанып отырмыз. Бұл азаматтардың спортқа көп көңіл бөледі деген сөз, – деп әсерімен бөлісті.

Марафон төрт бағыт бойынша өтті. Әуелі ұзақтығы 2 шақырымдық «Балапан» бағыты бойынша 8-13 жастағы ұлдар мен қыздар жүгірді. Одан кейін, 7 шақырымдық «Достық» бағытында зейнет жасындағы қариялар мен мүмкіндігі шектеулі жандар бақ сынады. 66 жастан жоғары және төмен жастағы ерлер мен әйелдер Spýtnık бағытында 14 шақырымды жүгіріп өтті. Ал, Armanǵa jol бағытына жарысқа тіркелген спортшылардың барлығы қатысты. Жарыстың шарты бойынша, Armanǵa jol жартылай марафонына қатысу үшін спортшылар 5 000 теңге төлеуі қажет. Жиналған қаражат қайырымдылық шараларына жұмсалады.

– Марафонға қатысушылардың осалы жоқ. Бірі-түрлі бағытта өткен жартылай марафондардың жеңімпазы, бірі – жүлдегері. Қатысушылардың арқасында 1 млн. теңгеге жуық қаржы жиналды. Енді жиналған қаржының 50%-ы – церебральды сал ауруына шалдыққан балаларды емдеуге, 50%-ы – білім беру мақсатында жұмсалатын болады, – деді жартылай марафонның ұйымдастырушысы Руслан Искаков.

Жарысты 8 жастан 13 жасқа дейінгі балалар бастады. Олар 20 минут ішінде 2 шақырым қашықтықты бағындыруы керек. Додада мәреге ұлдар арасында қарағандылық Виталий Красиков, қыздар арасында Сабина Крышкина мәреге бірінші болып жетті. Ұлдар арасында II

орынды Шығыс Қазақстан облысынан келген Дмитрий Спасский, III орынды Дамир Кәрімов (ШҚО) иеленді. Қыздар арасында мәреге екінші болып елордалық Медина Мақұлжанова, үшінші болып Алуа Нұрмұхамед (Астана) жетті.

– Мұндай жүгіру марафонына алғаш рет мектептер арасында өткен жарысқа қатыстым. Содан бері тұрақты жүгірумен айналысамын. Түрлі қашықтыққа жүгіруге аяқ-қолым үйренісіп қалды. Марафонға тыңғылықты дайындалдым. Түрлі жаттығулар жасадым. Қарсыластарым көп әрі осал емес екенін білсем де марафонға қатысуды жөн көрдім. Әрине, жарыс оңай болған жоқ. Бәрі бірінен-бірі өтеді. Дегенмен, мәреге бірінші болып келгенімде қатты қуандым. Бұл менің қолымнан келді, – дейді жеңімпаз Сабина Крышкина. Armanǵa jol бағыты бойынша ерлер арасында 21 шақырым қашықтықты бағындырып, ресейлік Михаил Куликов мәреге бірінші келді. Екінші болып ақтөбелік Ислам Аманқос, үшінші Рақымжан Кельманов жетті, Ал, әйелдер арасында қостанайлық Татьяна Нерознак үздік атанды. II орынды алматылық Ольга Сердюкова, III орынды астаналық Гүлнұр Елемесова еншіледі. – Бұған дейін Алматы, Астанада өткен марафонға қатысқанмын. Енді, «Қарағандыдағы марафонға қатысамын» деп мақсат қойдым. Әрі Қарағандыны да көріп қайтқым келді. Осы мақсатыма жеттім. Ұйымдастырушылар марафонды жоғары деңгейде өткізді. Ойын-сауық бағдарламасы да көңілімнен шықты. Armanǵa jol бағыты бойынша 21 шақырымды 97,5 минутта бағындырып, жеңімпаз атандым. Қуанышымды сөзбен жеткізе алмаймын. Бұл күн – елдің түпкір-түпкірінен спортшыларды жинаған нағыз спорттық мереке болды, – деді әйелдер арасындағы жартылай марафонның жеңімпазы қостанайлық Татьяна Нерознак.

Қатысушылардың арасында Павлодардан арнайы Freedom Team жүгіру клубы келіпті. Клубтың құрамында үлкен-кішісі бар бас-аяғы – 20 адам жүгірді.

– Бұрын-соңды кеншілер қаласында болмаппыз. Ауқымды марафонның өтетінін естіп, құраммен Қарағандыда өтетін марафонға қатысуды жөн көрдік. Үлкеніміздің жасы – 43-те, кішісі – 23-те. Бәрі марафонға сақадай сай. Мұқият дайындалып келдік. Бұл марафон бәрімізідің басымызды бір қосты. Бұл марафон жастарды тек спортқа баулып қана қоймай, ауызбіршілікке, бірлікке шақыратын үлкен шара. Сондықтан, бәріміз бір ауыздан қолдап, кеншілер шаһарына келдік, – деді клуб жетекшісі Болат Ордабаев. Сондай-ақ, отбасы мүшелерімен толық қатысқан жандар да болды. Солардың бірі – Жанайдар Зекенов.

– Мен марафондардың тұрақты қатысушысымын. Биыл 14 шақырым қашықтыққа жүгірдім. Әрі биылғы марафонға отбасыммен қатысып отырмын. Бұл қыздарым – Айжан мен Айнагүлдің екінші марафоны. Өзім салауатты өмір салтын ұстанамын. Сондықтан, спорттан отбасым да алыс емес. Ең бірінші қыздарымды спортқа баулимын. Сонда балаларымның денсаулығы да, құлшынысы да артады, – деді ол. Ал, 76 жастағы Серік Әбішевтің биыл марафонға қатысқанына – 4 жыл. Қария биыл «Достық» бағыты бойынша бақ сынады.

66 жастан асқан ерлер арасындағы марафонда 14 шақырымды Биебол Тілемісов бағындырса, әйелдер арасында астаналық Амалгүлсін Мұсылманова топ жарды. 51-65 жас аралығында 14 шақырымда қостанайлық Сергей Поликарпов, әйелдер арасында Степногорсктен келген Нелли Медведева үздік атанды. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтар мен ақшалай жүлде табысталды. Марафон соңы мерекелік концертке ұласты.

● КӨКПАР

Ұлттық ойын ұлықталған күн

Көкпардан Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаровтың ұйымдастыруымен алғаш рет әкім кубогі сарапқа салынды. Республика күні қарсаңында ұйымдастырылған додада қарағандылық «Тұран Ел» командасы жеңіске жетті.

Алғаш рет жалауы желбіреген турнирге төрт команда қатысқан. Аты мен шабандоздың бабы мен бағы сыналатын бәсекеде ешкім осал болған жоқ.

Шет ауданының «Бақ» командасы ақтық кезеңде қарағандылықтардан ұтылып, II орынға табан тіреді. Ал, Ақтоғай ауданының намысын қорғап келген «Ақши» командасы жүлделі III орынды иеленді. Шет ауданының «TAU» командасына да естелік сыйлықтар беріліп, сый-сияпат көрсетілді. Жарысқа қатысушыларға демеушілер тарапынан ақшалай сыйлықтар таратылды.

● ФУТБОЛ

«Шахтер» «Қайраттан» жеңіліп қалды

Ел чемпионатының XXIV турында қарағандылық «Шахтер» клубы өз алаңында алматылық «Қайратты» қабылдап, 0:2 есебімен жеңілді.

Чемпионаттың аяқталуына аз ғана уақыт қалды. Ал, қарағандылықтарға әр ойын – маңызды. Қазір олар турнир кестесінде 31 ұпаймен VI орында тұр. Бұл – УЕФА лигасының топтық кезеңіне жолдама жоқ деген сөз.

Алғашқы таймда алматылықтар сапынан шабуылшы Артур Шушеначев есеп ашты. 76-шы минутта Артур есепті еселеп, қос голдың авторы атанды. Қарағандылықтарға мүмкіндік қалдырмаған қонақтар турнир кестесінің – IV орнында. Қоржынында – 39 ұпай.

● ХОККЕЙ

«Сарыарқа» ерлеп тұр

Хоккейден ел чемпионатының XVI турында қарағандылық «Сарыарқа» клубы сырт алаңда «Алматы» хоккей клубын 1:9 есебімен ойсырата жеңді. Бұған дейін қос команда кездесіп, ойын қарағандылықтардың (1:2) пайдасына шешілген болатын.

Алғашқы айналымнан-ақ, қарағандылықтар алаң иелеріне мүмкіндік бермеді. 4-ші минутта – Денис Федоров, 9-шы минутта – Андрей Лагунов, 12-ші минутта – Руслан Демин, 18-ші минутта – Арсений Борисов есеп ашты.

Екінші айналымның 21-ші және 23-ші минутында Антон Злобин қос голдың авторы атанды. 29-шы минутта Саян Данияр есепті 7:0-ге жеткізді. Тек 37-ші минутта алаң иелері сапынан Дамир Айдуков гол салды. Алайда, қарағандылықтар сапынан Артем Расулов 38-ші минутта қарсылас қақпасынан саңылау тапты. Ойынның 42-ші минутында «сарыарқалық» Александр Борисевич тоғызыншы гол салып, ойынға нүкте қойды.

Ірі есеппен жеңіске жеткен қарағандылықтар 32 ұпаймен турнир кестесінде көш бастап тұр. Ал, алматылықтар 6 ұпаймен – XI орында.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: www.ortalyq.kz **Апталық таралымы 17 889** **Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru** **Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru**

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің
Бас редакторының орынбасары
Назым Саймасайқызы ДҮТБАЙ

Бас редактор
Ерсін Кәрібайұлы МҰСАБЕК

Интернет-редакция редакторы
Іляс Дүнгенбайұлы МҰҚАЙ

Жауапты хатшы
Қасымхан Бүркітұлы ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет: 8-771-193-44-74;
Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70;
Қарқаралы: 8-702-638-56-85.
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген. Ⓑ
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

№119 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор
Жансая ОМАРБЕК

КОРРЕКТОРЛАР
Ж.АХМЕТОВА
Ә.БӘСТЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.